

## Жекеше нотариустың бос орнына орналасу үшін конкурс өткізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2003 жылғы 9 желтоқсандағы N 259 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 12 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2614. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 31 наурыздағы N 101 бұйрығымен (V053547)

"Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 2-тармағының 3) тармақшасының негізінде БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жекеше нотариустың бос орнына орналасу үшін конкурс өткізу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Аумақтық әділет органдарының бастықтары бекітілген Нұсқаулықтың тиісінше қолданылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әділет бірінші вице-министрі И. Д. Меркельге жүктелсін.

*Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастан күшіне енеді.

*Министр*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ә д і л е т                      м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 3                      ж ы л ғ ы                      9                      ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
N    2 5 9                      б ұ й р ы ғ ы м е н  
бекітілген

**Жекеше нотариустың бос орнына орналасу үшін конкурс өткізу жөнінде нұсқаулық**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық жекеше нотариустардың бос орнына орналасуға конкурстық іріктеу өткізудің (бұдан әрі - Конкурс) өткізу жөніндегі аумақтық әділет органдарының әрекетін егжей-тегжейлі көрсетеді.

*Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

2. Жекеше нотариустардың бос орнына орналасуға конкурстық іріктеу нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиясы бар адамдар және жеке нотариаттық практикамен айналысқысы келетіндердің арасынан жүзеге

а с ы р ы л а д ы .

*Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

3. Бос лауазым ретінде нотариусты нотариаттық палата мүшелерінің қатарынан шығаруға және оны есептік тіркеуден алып тастауға байланысты, сондай-ақ жекеше нотариустың қосымша бірлігін "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 32-бабы 7-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Әділет министрі бекіткен жағдайда құралған бос о р ы н т а н ы л а д ы .

*Ескерту: 3-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 15 сәуірдегі N 100 бұйрығымен , 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

4. Конкурстық комиссияға (бұдан әрі - Комиссия) бос орын құралғаны туралы мәліметті аумақтық әділет органдары нотариаттық палатадан жекеше нотариустың оның қатарынан шығарылғаны және жекеше нотариусты есептік тіркеуден алып тастағаны туралы мәліметті алған күннен бастап, сондай-ақ жекеше нотариустың қосымша бірлігін бекіткен жағдайда бес күн мерзімде ұ с ы н а д ы .

*Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

## **2. Конкурстық комиссияны құру және оның жұмысын ұйымдастыру тәртібі**

5. Комиссияны аумақтық әділет органы нотариаттық палатамен бірлесе о т ы р ы п қ ұ р а д ы .

*Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

6. Комиссия құрамын аумақтық әділет органы нотариаттық палатаның келісімі бойынша бекітеді.

*Ескерту: 6-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

7 . < \* >

*Ескерту: 7-тармақ алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

8. Аумақтық әділет органы бос орындар туралы мәліметтерін Комиссияға ұсынуына қарай Комиссия отырысын өткізуге бастамашылық етеді.

*Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

9. Комиссия қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз ету аумақтық әділет о р г а н ы н а ж ү к т е л е д і .

*Ескерту: 9-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

10. Аумақтық әділет органы нотариаттық палатамен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Республикалық нотариаттық палатасымен бірлесе отырып әзірленген Конкурстық комиссиясы туралы Үлгі ережесінің негізінде Комиссия туралы ережені әзірлейді және бекітеді.

*Ескерту: 10-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

1 1 . < \* >  
1 2 . < \* >  
1 3 . < \* >

*Ескерту: 11, 12, 13-тармақтар алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

### **3. Жекеше нотариустың бос орнына орналасу үшін конкурсты ұйымдастыру және өткізу**

14. Аумақтық әділет органы:

1) жекеше нотариустың бос орынына орналасу үшін конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялайды;

2) Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдардан (бұдан әрі - үміткерлер) құжаттарды қабылдауды ұйымдастырады;

3) үміткерлерге Комиссия шешімін береді.

*Ескерту: 14-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

1 5 . < \* >

*Ескерту: 15-тармақ алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

16. К о н к у р с қ а :

1) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;

2) Заңның 12-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен іс-әрекет жасауға қабілетсіз не іс-әрекет жасауға қабілеттілігі шектеулі деп танылған;

3) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 41-бабына және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 52-бабына сәйкес заңды күшіне енген сот шешімімен белгілі бір мерзім ішінде нотариаттық қызметпен айналысу құқығынан айырылған;

4) Заңның 6-бабының 1-тармақшасының екінші абзацына сәйкес өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіппен соттылығы алынбаған;

5) Заңның 6-бабының 1-тармағының үшінші абзацына сәйкес өзіне қатысты ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс тоқтатылған;

б) Заңның 6-бабының 1-тармағының үшінші абзацына сәйкес лицензиясы кері қайтарылып алынғандықтан не нотариаттық іс-әрекет жасау кезінде Қазақстан Республикасының заңдарының бұзылуына жол бергені үшін мемлекеттік нотариус қызметінен босатылғандықтан нотариаттық қызметті тоқтатқан адам осындай оқиға болғаннан кейін үш жыл бойы жіберілмейді.

*Ескерту: 16-тармаққа өзгертулер мен толықтырулар енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

17. Аумақтық әділет органы бос орын пайда болғаны туралы мәліметті алған күннен бастап он күн мерзімде хабарландыру жариялайды.

*Ескерту: 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 15 сәуірдегі N 100 бұйрығымен .*

18. Конкурс өткізу туралы хабарландыру республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілде және орыс тілінде жарияланады.

19. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді:  
аумақтық әділет органының орналасқан жері, пошталық мекен-жайы және байланыс телефондары көрсетілген толық атауын;  
нотариаттық округтің атауы және жекеше нотариустың бос орны пайда болған қаланы, ауданды көрсетуді;  
жекеше нотариусқа қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес айқындалған үміткерге негізгі талапты;  
құжаттарды қабылдау тәртібі және мерзімдерін;  
конкурсты өткізу орнын:

Комиссияның қарауына ұсынылған құжаттардың тізбесін қамтиды.  
Хабарландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қосымша ақпаратты қамтуы мүмкін.

20. Аумақтық әділет органы хабарландыру жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде үміткерлердің өтініштерін Комиссияға үлгі нысан бойынша, осы Ереженің қосымшасына сәйкес мынадай құжаттарды қабылдайды:

1) үміткердің фотосуреті бар жеке іс парақ (оның нақты тұрғылықты жерінің мекен-жайы мен телефонын және байланыс телефонын көрсете отыра);

2) жеке куәліктің немесе Қазақстан Республикасының азаматы төлқұжатының көшірмесі ;

3) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияның көшірмесі;

4) еңбек кітапшасының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Комиссияға тапсырғанға дейін бір ай бұрын үміткердің тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден берілген медициналық анықтама ;

б) бүкіл республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, Комиссияға

тапсырғанға дейін бір ай бұрын тұрғылықты жері бойынша үміткерге берілген соттылығы жоқтығы туралы анықтаманы қоса береді.

*Ескерту: 20-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 15 сәуірдегі N 100 бұйрығымен , 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

21. Аумақтық әділет органы біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейі мен үміткердің беделіне (біліктілігін арттыруы, ғылыми дәреже мен атақ берілгені туралы құжаттардан көшірмелер, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және т.б.) қатысты қосымша ақпарат қабылдайды.

*Ескерту: 21-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

22. Комиссияға түскен құжаттар аумақтық әділет органы кеңсесінің арнайы жеке журналында тіркеледі.

Өтініш тіркелгеннен кейін үміткерге аумақтық әділет органы үш күн ішінде ұсынылған құжаттар пакетінің толықтығына тексеріс жүргізеді.

Құжаттар дұрыс ресімделмеген не құжаттар пакеті толық тапсырылмаған жағдайда аумақтық әділет органы үміткерге құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін белгіленген талаптарға сәйкес құжаттарды алып келуді жазбаша түрде ұсынады.

23. Құжаттарды қабылдау конкурс туралы хабарландыруда белгіленген мерзім аяқталған күні аяқталады.

2 4 . < \* >

2 5 . < \* >

2 6 . < \* >

*Ескерту: 24, 25, 26-тармақтар алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

27. Конкурса қатысуға жіберілген үміткерлерге аумақтық әділет органы Конкурстың өткізілуіне дейінгі он күннен кешіктірмей Конкурса жіберілуі туралы, сонымен қатар әңгімелесудің өтетін жері, күні мен уақыты туралы ж а з б а ш а х а б а р л а й д ы .

*Ескерту: 27-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

28. Конкурса қатысуға жіберілмеген Үміткерлерге тиісті шешім қабылданғаннан кейін аумақтық әділет органы хабардар етеді.

Аумақтық әділет органы бұл жағдайда Конкурса қатысушыға заңнама нормаларына сілтемесімен, сондай-ақ оның Конкурса қатысуға жіберілмеуі туралы шешімді қабылдау үшін негіз болған басқа да дәлелдер мен себептер көрсетілген Комиссияның дәлелденген шешімін оның енгізілген күнінен бастап б е с кү н к е ш і к т і р м е й б е р е д і .

*Ескерту: 28-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

2 9 . < \* >  
3 0 . < \* >  
3 1 . < \* >

*Ескерту: 29, 30, 31-тармақтар алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

32. Заңның 33-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына және 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жекеше нотариустың бос лауазымына орналасуға үміткерлердің конкурстық іріктеуден өтуі туралы Комиссияның шешімі тиісті нотариаттық округтың нотариаттық палатасы мүшелігіне жекеше нотариустың бос лауазымына үміткерлерді қабылдау үшін және оның аумақтық әділет органында есептік тіркелуіне негіз болып табылады.

*Ескерту: 32-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

33. Егер Конкурс Комиссиясының нәтижесінде бос орынға орналасуға ұсынылатын үміткерлер іріктелмеген болса, аумақтық әділет органы қайталама конкурс жариялауы қажет .

*Ескерту: 33-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

34. Аумақтық әділет органы жекеше нотариустың бос лауазымына конкурстық іріктеуден өтпеген үміткерге кейінгі конкурстарға қайталама қатысуға кедергі келтіруге құқығы жоқ.

*Ескерту: 34-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

35. Комиссия шешімі сот тәртібімен шағымдалуы мүмкін.

#### **4. Қорытынды ережелер**

*Ескерту: 4-тарау (36-39-тармақтар) алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
Ә д і л е т            м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 3            ж ы л ғ ы            9            ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
N            2 5 9            б ұ й р ы ғ ы м е н            б е к і т і л г е н  
Ж е к е ш е            н о т а р и у с т ы ң            б о с            о р н ы н а  
о р н а л а с у            ү ш і н            к о н к у р с            ө т к і з у  
ж ө н і н д е            н ұ с қ а у л ы қ қ а  
қ о с ы м ш а  
\_\_\_\_\_ о б л ы с ы н ы ң  
к о н к у р с т ы қ            к о м и с с и я            т ө р а ғ а с ы н а

-----  
-----  
мекен-жайы: -----

**Үлгі өтініш**

*Ескерту: Қосымшаның атауы өзгертілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 295 бұйрығымен .*

Мені \_\_\_\_\_

(бос орын бар нотариаттық округтің әкімшілік-аумақтық бірлігі көрсетіледі)

\_\_\_\_\_ жекеше нотариустың бос орнына орналасу үшін конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Жекеше нотариустың бос орнына орналасу үшін конкурс өткізу нұсқаулығының негізгі талаптарымен таныстым және оларды орындауға міндеттенемін.

Мен тапсырған құжаттардың түпнұсқалығына өзімнің толық жауапкершілігімді растаймын.

-----  
(қолы)

-----  
(аты-жөні)

"\_\_" "\_\_\_\_\_" 200\_\_ ж.